



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

Провосттың
2023 жылғы «22» қарашадағы
№114-н/қ шешіміне қосымша

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет
алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

(2024 жылғы 14 мамырға берілген өзгертулер мен толықтырулар)

Астана қ., 2023 ж.

1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) талапкерлерді қабылдау үшін қойылатын жалпы талаптарды, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы (бұдан әрі – НУУАДБ) және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына (бұдан әрі – бакалавриат бағдарламасы) қабылдау үшін талапкерлер конкурсын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1.2. Осы Қабылдау қағидалары мен рәсімдері «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымына (бұдан әрі – Университет) және Мейірбике ісі бакалавриат бағдарламасын қоспағанда, НУУАДБ мен бакалавриат бағдарламасына өтінім беретін талапкерлеріне қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

2.1.1. **ACT** (American College Testing – Американдық тестілеу) – АҚШ-тың университеттері оқуға түсу емтиханы ретінде танитын, орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестте ұзақтығы 30 минут жазу дағдыларын бағалайтын қосымша бөлім қарастырылған (жазу дағдыларының нәтижелері бар ACT);

2.1.2. **Қабылдау мерзімдері** – конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беруді, құжаттарды қарауды, бағалау процестерін және оқуға қабылдауды қамтитын Университетке қабылдау мерзімдері;

2.1.3. **Қабылдау комиссиясы** – бағалау, өтінімдерді іріктеу және НУУАДБ мен Университеттің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау бойынша ұсыныстарды беру мақсатында құрылған Университеттің консультативтік-кеңесші, бекітуші орган;

2.1.4. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – дайындық бағдарламалары, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша студенттерді оқуға қабылдауды қамтамасыз етуге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

2.1.5. **A-level** (Advanced Level General Certificate of Education – Орта білім туралы сертификат) – Англия, Солтүстік Ирландия, Уэльс, Шотландия елдеріндегі оқу орындары ұсынатын және Еуропада, АҚШ-та, сондай-ақ әлемнің басқа да көптеген бөліктерінде кеңінен танылатын стандартты оқуды аяқтау біліктілігі. A-level екі жыл ішінде оқытылады және талапкерлердің Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия университеттерінің академиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға арналған стандартты оқуға түсу біліктілігі болып табылады;

2.1.6. **Талапкер** – конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

2.1.7. **Өтінім беру нысаны** – Жеке кабинетте орналастырылған НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған бірыңғай өтінім;

2.1.8. **Дайындық мектебі** – негізгі мақсаты НУУАДБ-ны іске асыру болып табылатын Университеттің академиялық бөлімшесі;

2.1.9. **Колледж** – Қазақстанда жалпы орта және техникалық және кәсіптік білім беретін немесе орта білімнен кейін білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2.1.10. **ECTS** (European Credit Transfer and Accumulation System – Еуропалық кредиттерді ауыстыру және жинақтау жүйесі) – Еуропалық Одақтың және осы жүйені пайдаланатын басқа да еуропалық елдердің аумағындағы жоғары оқу орындары студенттерінің академиялық үлгерімін салыстырудың стандартталған жүйесі;

2.1.11. **Оқуға қабылдауға келісім нысаны** – талапкерлер оқуға түскені туралы хабарламаны алғаннан кейін толтыратын және қол қоятын, оқуға шақыруды қабылдау немесе одан бас тарту туралы мәлімдеу нысаны;

2.1.12. тармағы Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде өзгертілді.

2.1.12. **Қаржылық қолдау** – білім алушыларға оқуда қолдау, жәрдемдесу және ілгерілету мақсатында білім алушылар санаттары бойынша Университет айқындайтын оқу ақысы;

2.1.13. **Грант** – Университетте оқу ақысын төлеу үшін әртүрлі қаржыландыру көздерінен студенттерге берілетін ақшалай қаражаттың мөлшері;

2.1.14. **Кепілдік жарна** – НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасы бойынша талапкерге білім алуға арналған орынға кепілдік беретін, мөлшері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын міндетті төлем;

2.1.15. **IB DP** (International Baccalaureate Diploma Programme – Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасы) – студенттерді жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламаларына түсуге дайындайтын жеделдетілген екі жылдық халықаралық білім беру бағдарламасы;

2.1.16. **IELTS** (International English Language Testing System – Ағылшын тілі бойынша халықаралық тестілеу жүйесі) – Британдық Кеңес, Кэмбридж Университеті ESOL және IDP Education Pty Ltd әкімшілік ететін, ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.17. **NIS Grade 12 Certificate** – 12-сыныпты бітіргеннен кейін сыртқы жиынтық бағалау емтихандарын тапсырған оқушыларға Cambridge Assessment International Education-мен бірлескен бағдарламаны аяқтағаны туралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының сертификаты;

2.1.18. **NUET** (Nazarbayev University Entrance Test – Назарбаев Университетіне түсу тесті) – халықаралық әріптес университет әзірлеген, Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары бойынша стандартталған қабылдау емтиханы;

2.1.19. **НУУАДБ** (Назарбаев Университетінің Университет алдындағы дайындық бағдарламасы) – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге

арналған Университеттің Дайындық мектебінің біржылдық жеделдетілген университет алдындағы дайындық курсы;

2.1.20. **НУУАДБ студенттері** – НУУАДБ-ны сәтті аяқтаған және келесі оқу жылына Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсу талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ студенттері;

2.1.21. **Мамандық** – бакалавриат бағдарламасы шеңберіндегі оқу бағдарламасы;

2.1.22. **Жеке кабинет** – өтінім беру үшін талапкерге Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын дербес онлайн сервис;

2.1.23. **SAT** (Scholastic Aptitude Test – Академиялық қабілеттерді айқындау емтиханы) – АҚШ-тың жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған стандартталған тест;

2.1.24. **Мектеп** – бакалавриаттың академиялық мамандықтарын іске асыратын Университеттің Мектебі;

2.1.25. **Тест әкімшісі** – стандартталған тесттерді әзірлеу мен әкімшілік етуге және тестілеуге, тексеру мен жеткізуге байланысты рәсімдерге жетекшілік етуге құқығы бар ұйым;

2.1.26. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – Шет тілі ретіндегі ағылшын тілі бойынша халықаралық тест) – Educational Testing Service (ETS) (Принстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген TOEFL IBT test (бұдан әрі – TOEFL IBT) форматындағы ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

2.1.27. **Бакалавриат бағдарламасы** – бакалавр академиялық дәрежесін растайтын төрт жылдық жоғары білім беру бағдарламасы;

2.1.28. **Университеттің сайты** – Университеттің интернет ресурсы, www.nu.edu.kz;

2.1.29. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында анықталады.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Қабылдау шарттары

3.1.1. НУУАДБ және Бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Конкурстық іріктеу және құжаттарды қабылдау жүргізілетін қабылдау мерзімдерін жыл сайын өтінім беру кезеңіне дейін Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Университет Мектептерінің келісімімен бекітеді және Университеттің сайтына алдын ала орналастырады.

3.1.3. Конкурсқа мына критерийлерге сай келетін талапкерлер қатыса алады:

- 1) орта білім беру ұйымдарының бітіруші сыныптарының оқушылары;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

2) техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының соңғы курстарының оқушылары;

3) орта, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар талапкерлер;

4) НУУАДБ студенттері.

3.1.4. Конкурса келесі санаттардың біріне жататын талапкерлер қатыса алады:

1) NUET талапкерлері:

Осы талапкерлер үшін NUET бойынша қағидалар мен рәсімдер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.3-бөлімінде жазылған. NUET бойынша талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. НУУАДБ-дан өз еркімен немесе мәжбүрлеп шығарылған талапкерлер оқудан шығарылған сәттен бастап бір оқу жылы ішінде бакалавриат бағдарламасына NUET санаты бойынша өтінімдерді бере алмайды;

2) SAT/ACT талапкерлері:

SAT/ACT талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген.

SAT/ACT нәтижелері тек бакалавриат бағдарламасына ғана қабылданады. SAT/ACT тесттердің нәтижелері талапкер оқуға тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болса ғана жарамды болып есептеледі. Конкурстық іріктеу шеңберінде SAT/ACT сертификаттардың қолданылу мерзімі екі жыл болып есептеледі. Конкурста тек superscoring-сіз (ең жоғары жалпы балл алу үшін екі немесе одан да көп сертификаттардың барлық емтихан секциялары бойынша ең жоғары балдарды пайдалану) digital SAT тесті қарастырылады;

3) Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары:

Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшада көрсетілген. Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары тек бакалавриат бағдарламасына ғана қабылданады;

4) A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломының иегерлері:

Конкурстық іріктеуде тек A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломының қорытынды балдары қаралады. A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломы тек бакалавриат бағдарламасына түсу үшін қарастырылады. Конкурстық іріктеу шеңберінде A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломдарының қолданылу мерзімі екі жыл болып есептеледі. A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломының иегерлеріне қойылатын талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген;

5) IB дипломының иегерлері:

Конкурстық іріктеуде тек IB дипломының қорытынды балдары қаралады. IB дипломы тек бакалавриат бағдарламасына түсу үшін қарастырылады. Конкурстық іріктеу шеңберінде IB дипломының қолданылу мерзімі екі жыл

болып есептеледі. ІВ дипломының иегерлеріне қойылатын талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген;

6) НУУАДБ студенттері:

НУУАДБ студенттері НУУАДБ-ны бітірген күнтізбелік жылдағы Университеттің бакалавриат бағдарламасының бірінші жылына қаралады және 1-қосымшада көрсетілген талаптарға (IELTS және TOEFL талаптардан басқа) сай болуы қажет. НУУАДБ студенттерінің нәтижелерін Дайындық мектебі Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне береді.

2)-6) тармақшаларда көрсетілген талапкерлер тек бакалавриат бағдарламасының конкурсына қатыса алады.

3.1.5. НУУАДБ бойынша оқуға қабылдау конкурсына НУУАДБ-дан өз еркімен немесе мәжбүрлеп шығарылған талапкерлер қатыса алмайды.

Конкурсқа кез-келген бағдарлама/деңгей студенттері (НУУАДБ студенттерден басқа) мен Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларының түлектері қатыса алмайды.

3.1.5. тармақтың үшінші абзацы Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде өзгертілді.

Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарында мемлекеттік грант шеңберінде бакалавр дәрежесін алған талапкерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе НУУАДБ және Университеттің бакалавриат бағдарламасына гранттардың басқа түрлері бойынша оқуға қабылданбайды. Бұл талапкерлер тек ақылы оқу үшін қарастырылуы мүмкін.

3.1.5. тармағы төртінші абзацен Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде толықтырылды.

Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген (НУУАДБ студенттері санатынан басқа) талапкерлердің немесе бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын не болмаса оқуды бітірген білім алушылардың кредиттерін аударуды Мектеп оқуға қабылдағаннан кейін анықтайды. Ауысу кредиттері ретінде ең көп дегенде 72 (жетпіс екі) ECTS кредиті қабылдануы мүмкін. Ауысу пәндеріне кредиттер тағайындалады, бірақ бағалар емес. Студенттің басқа университеттерде алған бағалары Университеттің орташа балын (GPA) және жалпы орташа балын (CGPA) есептеу кезінде ескерілмейді. Осы қағида Университеттің бакалавриат бағдарламасында оқыған бұрынғы студенттеріне қолданылмайды. Кем дегенде бір семестрді аяқтаған және тәртіптік емес себептермен Университеттен өз еркімен шығарылған Университеттің бакалавриат бағдарламасының бұрынғы студенттері үшін екі ерекше шарт қолданылады:

1) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл ішінде бұрынғы студенттер Регистратор офисі белгілеген қайта қабылдау рәсімінен өтуі тиіс. Осы бұрынғы студенттер үшін Университеттің барлық ECTS кредиттері мен бағалары Назарбаев Университетінің бакалавриат бағдарламасының бұрынғы білім алушыларын қайта қабылдау туралы қағидаларға сәйкес оларды қайта қабылдау рәсімінің бөлігі ретінде қабылданады;

2) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл өткен соң бұрынғы студенттер осы Қағидалар мен рәсімдерде белгіленген шарттар мен рәсімдерге сәйкес жаңа студент ретінде қайта өтініш беруі керек.

3.2. Конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдау тәртібі

3.2.1. НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына түсу бойынша конкурса қатысу үшін талапкерлерге порталда (www.admissions.nu.edu.kz) көрсетілген мерзімге дейін өтінім беріп, сондай-ақ Жеке кабинетте:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдау және Жеке кабинетте орналастырылған өтінім беру нысанын толтыру;

2) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-қосымшасында көрсетілген онлайн өтінім беру кезеңінде талапкерлерге қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін Жеке кабинетке жүктеу. Құжаттар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ресімделмеген жағдайда, ағылшын тіліне нотариалды аудармасының сканерленген көшірмесі қоса берілуі тиіс;

3) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тіркелу жарнасын онлайн төлеу және бағдарламаға өтінім беру. Бұл ретте тіркелу жарнасы қайтарылуға жатпайды;

4) жарамды IELTS немесе TOEFL iBT сертификаты нәтижелерін жеке кабинетте тест әкімшісі жүйесі арқылы тексеру және сертификаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеу қажет. Қабылдау конкурсында тексерілген және Жеке кабинетке жүктелген соңғы тестілеу сертификаты superscoring-сіз ескеріледі. IELTS/TOEFL тест сертификаттары талапкер оқуға тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болса ғана жарамды болып есептеледі. IELTS/TOEFL нәтижелерінің қолданылу мерзімдері әр тесттің тиісті ресми сайтында беріледі.

НУУАДБ студенттері осы тармақтың тек 1) және 3) тармақшаларын орындайды.

3.2.2. Оқуға қабылданған студенттердің осы Қағидалар мен рәсімдерге 3-қосымшада көрсетілген, өтінім беру кезеңінде Жеке кабинетте орналастырылған құжаттарының көшірмелері Регистратор офисіне электрондық форматта қолжетімді болады және студенттің жеке папкасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Осы Қағидалар мен рәсімдердің 4-қосымшасында көрсетілген талапкерлердің оқуға түсуге арналған құжаттары Университеттің Регистратор офисіне беріледі және Университеттің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес студенттерге қайтарылуы тиіс.

3.2.2 Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағында көрсетілген толық емес деректерді ұсыну және/немесе талаптарды орындамау конкурстан шығаруға әкеп соғады.

3.2.3. Құжаттарды бұрмалаған немесе тестілеу талаптарын бұзған талапкерлер конкурстан шығарылады немесе оқуға қабылданған жағдайда

Университеттен шығарылады және болашақта Университеттің кез келген деңгейдегі бағдарламасына өтінімді қайта беру құқығынан айырылады.

Қағидалар мен рәсімдер 3.2.4. тармақпен Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде толықтырылды.

3.2.4. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағында көрсетілген талапкерге, НУУАДБ студенттері санатын қоспағанда, Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен өтінімдерді қарастыру және тексеру, таңдалған санат бойынша қорытынды нәтижелерді алу және Қабылдау комиссиясымен қарастыру барысында осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағында көрсетілген басқа санаттың түсу талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана таңдаған санатын көрсетілген мерзімдерде ерікті түрде өзгертуге жол беріледі.

3.3. NUET рәсімдеріне қойылатын талаптар мен сипаттамалар

3.3.1. Университет емтихандардың өтетін күнін, форматы мен орнын немесе онлайн платформаны белгілейді, бұл туралы талапкерге талапкердің жеке кабинетінде көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарланады. Сондай-ақ ақпарат Университеттің сайтында жарияланады.

3.3.2. NUET-ке қатысу үшін төлем мөлшері Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

3.3.3. NUET екі пән бөлімдері бойынша өткізіледі: Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары. Әр пән бөлімі бірнеше жауап нұсқалары бар 30 тест тапсырмаларынан тұрады. Әр пән бөлімі бойынша тестілеудің ұзақтығы – 60 минут.

3.3.4. NUET-тің стандартталған бағалау шкаласының ауқымы әр пән бөлімі бойынша 0-ден 120-ға дейінгі баллды құрайды. Минималды талаптар 1-қосымшада көрсетілген.

NUET-ке шақыруды алғаннан кейін талапкерлер, егер тест онлайн өткізілсе, талапкерге берілген Тест әкімшісінің техникалық талаптарын орындауға дайын болуы қажет. Тестілеудің форматына қарамастан (онлайн немесе офлайн), талапкерлер өтініш беру кезінде Жеке кабинетке жүктелген жеке куәліктің немесе паспорттың түпнұсқасын ұсына отырып, тестке тіркелу кезінде авторизация рәсімінен өтуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

NUET-ті Университеттің Дайындық мектебінің көмегімен халықаралық әріптес университет /Тест әкімшісі әкімшілендіреді және бағалайды.

3.3.5. NUET нәтижелері талапкердің Жеке кабинетінде жарияланады. NUET-ті сәтті тапсырған талапкерлер конкурсқа қатысуды жалғастыра алады.

3.3.6. Тест тапсырмаларының саны мен емтихандардың ұзақтығын әріптес халықаралық университет/Тест әкімшісі өзгертуі мүмкін.

3.3.7. Талапкерлер Тест әкімшісі бекіткен қағидалар мен рәсімдерде көзделген тестілеуден өту талаптарын сақтауға міндетті. Тестілеуден өту талаптары Университеттің сайтында жарияланады, сондай-ақ тестілеу өткізілгенге дейін талапкерге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3.3.8. Тестілеуден өту бойынша көрсетілген талаптарды бұзған талапкерлердің нәтижелерін әріптес халықаралық университет/Тест әкімшісі, Қабылдау комиссиясы немесе Қабылдау комиссиясының кіші комиссиясы жояды. NUET баллдары жойылған талапкерлер конкурстан шеттетіледі және болашақта Университеттің кез келген деңгейдегі бағдарламаларына түсу үшін өтініш бере алмайды.

3.4. Қабылдау комиссиясы

3.4.1. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) НУУАДБ-ға және бакалавриат бағдарламасына талапкерлерді қабылдау процесінің мәселелері бойынша Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен өзара іс-қимыл жасау;

2) Қабылдау комиссиясының кіші комиссиясының жұмысын қоса алғанда, конкурстың кезеңдері бойынша талапкерлердің нәтижелерін қарау;

3) осы Қағидалар мен рәсімдерде көрсетілген қабылдау талаптарына сәйкес талапкерлерді бағалау әдістемесін бекіту;

4) талапкерлерді іріктеу әдіснамасына сәйкес барлық санаттағы талапкерлердің рейтингін бекіту;

5) Университетке оқуға қабылдауға ұсыным беру;

6) ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалау үшін халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпаздарымен сұхбаттасу өткізу;

7) Осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделген негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

3.4.2. Қабылдау комиссиясының құрамына бакалавриат бағдарламасын ұсынатын әр Мектептің, Дайындық мектебінің, қажет болған жағдайда Университеттің қызметкерлері кіреді.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының хатшысы Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті жұмыскерлерінің қатарынан тағайындалады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ.

3.4.4. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны тақ саннан, бірақ кемінде 5 (бес) адамнан құралуы тиіс.

3.4.5. Қабылдау комиссиясының Төрағасын, Төрағаның орынбасарын, мүшелерін және хатшысын қоса алғанда, Қабылдау комиссиясының құрамы Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі. Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, уақытша алмастыратын хатшыны тағайындайды.

3.4.6. Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының жұмысын осы Қағидалар мен рәсімдерге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады және жоспарлайды.

Қабылдау комиссиясының рәсімдері мүддерлер қақтығысы мен құпиялылық мәселелері бойынша Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес келуі тиіс.

3.4.7. Қабылдау комиссиясының Төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Төрағаның орынбасары атқарады. Төраға да, Төрағаның орынбасары да болмаған жағдайда, Төраға Төрағаның функцияларын орындай алатын және Төрағаның өкілеттіктері мен міндеттеріне ие болатын тұлғаны тағайындайды.

3.4.8. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай Төрағаның немесе Төраға орынбасарының басшылығымен өткізіледі. Егер Қабылдау комиссиясының барлық құрамының қарапайым көпшілігі отырысқа қатысса, Қабылдау комиссиясының кворумы өткізілді деп есептеледі.

3.4.9. Қабылдау комиссиясының шешімдері отырысқа қатысқан Қабылдау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Қабылдау комиссиясы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қабылдау комиссиясында Төрағаның орынбасары болған жағдайларда Төраға болмаған кезде дауыстардың теңдігі Төраға орынбасарының шешімімен шешіледі.

3.4.10. Қабылдау комиссиясының мүшелері бейне және аудио конференциялар мен басқа да интерактивті байланыс құралдары арқылы отырыстарға, дауыс беруге және шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы. Осы құралдардың көмегімен қатысу кворумды есептегенде және шешімді қабылдау кезінде ескеріледі. Қабылдау комиссиясының дауыс беруші мүшесі отырысқа қатысқанда қолданған интерактивті байланыс түрі Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

3.4.11. Назарбаев Университетінің бағдарламаларына қабылдау меритократия қағидаты бойынша - талапкерлерді олардың оқуға түсу нәтижелері негізінде іріктеу, яғни қабылдау кезінде әрқайсысына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, сыртқы факторлардың ықпалынсыз неғұрлым перспективалы және дарынды студенттерді іріктеуді жеңілдеті отырып жүзеге асырылады. Осыған байланысты Қабылдау комиссиясы іріктеу процессінде әділ қолданылуы және тиісті оқу жылындағы Қабылдау комиссиясының отырыс хаттамасына қоса берілетін іріктеудің неғұрлым тиімді әдістемесін/критерийлерін әзірлеуі және қабылдауы қажет.

3.4.12. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және оны Қабылдау комиссиясының хатшысы отырыстың (отырыстардың) хаттамаларында тіркейді. Отырыстың (отырыстардың) хаттамалары Университет отырысының хаттамасын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамаларға Қабылдау комиссиясының Төрағасы мен хатшысы немесе тағайындалған тұлға(лар) қол қояды.

3.4.13. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде

Университет жұмыскерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілуге жатпайды.

3.4.14. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының хатшысы тиісті түрде тігеді, нөмірлейді, сканерлейді және тіркейді және Университеттің архивіне тапсырылғанға дейін олардың сақталуына жауапты Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде сақталады.

3.4.15. Конкурстың нәтижелері бойынша апелляцияны қарау рәсімі көзделмеген.

3.5. Өтінімдерді қарау тәртібі

3.5.1. НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына қабылдау үшін іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген тізімге сәйкес талапкерлердің құжаттарын қарауы және оларды НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына түсудің ең төменгі қабылдау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруі. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті стандартталған тест нәтижелерін тест әкімшілерінің дерек қорына кіру арқылы тексереді. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті және Қабылдау комиссиясы қажет болған жағдайда кез келген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы;

Қабылдау комиссиясы талапкерлердің бірінші таңдаған мамандықтарын қарайды, екінші таңдаған мамандық Қабылдау комиссиясының сұрауы бойынша ғана қаралады.

2) Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің NUET талапкерлеріне (яғни NUET санатының талапкерлеріне ғана) шақыруларды жіберуі. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген, Университеттің веб-сайтында және/немесе Жеке кабинетте жарияланған барлық талаптарды уақытылы орындаған талапкерлер NUET тапсыруға жіберіледі.

3) халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары үшін Қабылдау комиссиясы мүшелерімен жеке немесе бейне конференц байланыс арқылы сұхбаттасу өткізу. Қабылдау комиссиясының және Университет Мектептерінің қалауы бойынша басқа санаттарға өтінім берген талапкерлер сұхбаттан өтуі мүмкін. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы Қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайтын Мектеп өкілдерін сұхбат алушы ретінде тағайындай алады. Тағайындалған сұхбат алушылар саны бір сұхбат алынатын талапкерге 2 адамнан кем болмауы тиіс;

4) талапкерлердің әр санаты бойынша емтихан және сұхбат нәтижелерін алу;

5) Қабылдау комиссиясының мүшелерінің талапкерлердің құжаттарын зерделеуі және бағалауы және кейіннен оқуға қабылдауға ұсыным беру үшін белгіленген іріктеу әдістемесіне/процесіне/критерийлеріне сәйкес талапкерлердің рейтингін айқындауы. Санат бойынша түсу талаптарына сәйкес

келетін талапкерлер ғана рейтингке ие болады және осы санат бойынша түсу үшін ұсынылады.

3.5.2. Конкурса өтінімді сәтті беру Мектептерге немесе Дайындық мектебіне оқуға қабылдануға кепілдік бермейді.

3.5.3. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 1-қосымшасында көрсетілген, еңсерілмейтін күш мән-жайларына немесе осындай мүмкіндіктің болмағанын растайтын өзге де мән-жайларға байланысты қандай да бір тестілеуді өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясы талапкерлердің құжаттарын тиісті кезеңнен өткізбей-ақ қарауға қабылдауға және/немесе осы Қағидалар мен рәсімдердің 1-қосымшасында көрсетілген тестілерді басқа баламалы тесттермен ауыстыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы іріктеудің тиімді әдіснамасы мен критерийлерін әзірлейді және қабылдайды.

3.6. НУУАДБ-ға және бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау

3.6.1. Талапкерлер бірінші таңдаған мамандығы бойынша бағаланады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы және/немесе Университет бекіткен қаржыландырудың басқа көздерінің квотасы негізінде рейтингке және бөлінген орындар санына қарай Қабылдау комиссиясы талапкерлерді НУУАДБ-қа немесе бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынады.

Бакалавриат бағдарламасына сыни баллды (cutting score) Қабылдау комиссиясы анықтауы қажет.

3.6.2. Бакалавриат бағдарламасына бөлінген орындардың санына байланысты рейтингтегі жоғары орналасқан талапкерлер Грант шеңберінде бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын алады.

3.6.2. тармағы екінші абзацпен Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде толықтырылды.

НУУАДБ студенттері Гранттар немесе қаржылық қолдау алу туралы шешім қабылдаған кезде басқа санаттар талапкерлерінен бөлек бағаланады. 8-кестеде көрсетілген осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаға сәйкес ең төменгі расталған түсу талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ студенттері бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын алады. 7-кестеде көрсетілген осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаға сәйкес ең төменгі түсу талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ студенттеріне Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қаржылық қолдауды пайдалана отырып, ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына түсуге мүмкіндік беріледі.

3.6.2. тармағының үшінші абзацы Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде өзгертілді.

Талаптарға сай келетін, бірақ Грант шеңберінде оқуға шақыру хатын алмаған талапкерлер, НУУАДБ студенттерінен басқа, рейтинг бойынша күту тізіміне енгізіледі және Грант босаған жағдайда оларға ұсынылады.

Күту тізіміне енгізілген талапкерлерге Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қаржылық қолдауды пайдалана отырып, ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына түсу мүмкіндігі беріледі. Ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер орындар болған

жағдайда Грант шеңберінде бакалавриат бағдарламасының конкурсына қатысуды жалғастыра алады. Бакалавриат бағдарламасына ақылы негізде оқуға қабылдауға ұсынылатын NUET талапкерлері бос орындар болған жағдайда олардың сұрауы бойынша Грант шеңберінде НУУАДБ-ға қабылдануы мүмкін. Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне қабылдана алады.

3.6.3. НУУАДБ-қа бөлінген орындардың санына байланысты талаптарға сәйкес келетін талапкерлер рейтингке сәйкес Грант шеңберінде НУУАДБ-ға оқуға шақыру хатын алады.

Талаптарға сәйкес келетін, бірақ Грант шеңберінде оқуға шақыру хатын алмаған талапкерлер рейтинг бойынша күту тізіміне енгізіледі және Грант босатылған жағдайда оларға грант ұсынылады.

Аталған талапкерлерге Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қаржылық қолдауды пайдалана отырып, ақылы негізде НУУАДБ-ға түсу мүмкіндігі беріледі. Ақылы негізде НУУАДБ-ға оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер Грант шеңберінде НУУАДБ-ның конкурсына қатысуды жалғастыра алады.

3.6.4. Талапкерлердің күту тізіміндегі орындарының өзгеруі немесе оқуға шақыру хатынан бас тартуы себептеріне қарамастан, талапкерге ұсынылатын қаржылық қолдаудың мөлшері өзгертілмейді.

3.6.5. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлерді Қабылдау комиссиясының қабылданған шешімі туралы хабардар етеді. Оқуға қабылдау шарттары оқуға шақыру хатында көрсетіледі. Оқуға қабылдау туралы шақырту хатында көрсетілген оқуға қабылдау шарттарын белгіленген мерзімге дейін орындамау талапкерді конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

3.6.6. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті талапкерлердің конкурсқа қатысудан бас тартуына және/немесе конкурстан шығарылуына және/немесе ұсынылған немесе қабылданған талапкерлердің оқуға шақыру хатынан бас тартуына байланысты пайда болған бос орындарды толтыру үшін талапкерлерді олардың рейтингіне сәйкес күту тізімінен көтереді және олардың мәртебесі туралы хабарлайды.

3.6.7. Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер белгілеген мерзімде:

- 1) Жеке кабинетте оқуға қабылдануға және кепілдік жарнаны төлеуге келісім береді және толтырады;
- 2) Жеке кабинетте кепілдік жарнаны төлейді;
- 3) білім туралы құжат болмаған жағдайда қосымшасы бар құжаттың (жалпы орта білім туралы аттестат, диплом және т.б.) түпнұсқасының сканерленген көшірмесін Жеке кабинетке жүктейді. Егер білім туралы құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жасалмаған болса, онда оның нотариалдық куәландырылған ағылшын тіліне аудармасының сканерленген көшірмесі де ұсынылуы керек;

4) Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне білім туралы құжаттың түпнұсқасын (жалпы орта білім туралы аттестат, диплом және т.б.) қосымшасымен бірге ұсынады.

3.6.8. Университет қосымша құжаттарды сұрауға құқылы.

3.6.9. Егер талапкер оқуға шақыру хатын алып, оны қабылдаса және Регистратор офисіне өтсе, ол автоматты түрде екінші мамандықты таңдау конкурсынан шығарылады. Егер талапкер күту тізімінсіз Мектептің оқуға шақыру хатын алып, оны қабылдаса, ол автоматты түрде екінші мамандықты таңдау конкурсынан шығарылады.

3.6.10. Ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер (3.6.2-тармақ) автоматты түрде НУУАДБ конкурсынан шығарылады және керісінше болады. Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне қабылдана алады.

3.6.11. Оқудан бас тартқан немесе хабарламада көрсетілген талаптарды орындамаған немесе осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.7. және 3.6.8-тармақтарында аталған құжаттардың бір немесе бірнешеуін ұсынбаған жағдайда, талапкер Университеттің тиісті бағдарламасына оқуға қабылданбайды.

3.6.12. Талапкерге Университет Гранттарын тағайындау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.6.13. Талапкерлерді Университетке оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді. Оқуға қабылдау шешімінде оқуды қаржыландыру көзі көрсетіледі.

Қағидалар мен рәсімдер 3.6.14. тармақпен Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде толықтырылды.

3.6.14. Келесі санаттардағы талапкерлер: NUET талапкерлері, SAT/ACT талапкерлері және халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары, Халықаралық бакалавриат немесе A-level бағдарламалары бойынша оқыған және қосымшасы бар жалпы орта білім дипломын ала алмайтын талапкерлер бағдарламаның академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестрдің соңына дейін қорытынды транскрипт пен дипломды ұсыну міндеттемесімен шартты түрде оқуға қабылдануға құқылы. Осы шартты қабылдау орындамаған жағдайда, студент Университеттен шығарылады. Студенттің шартты түрде қабылданған мәртебесін өзгерту үшін барлық шарттар орындалуы қажет. Мектептер мен Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қабылдау шарттарының орындалғаны немесе орындалмағаны туралы бір-біріне хабарлауы керек.

3.7. Академиялық жыл ортасында оқуға қабылдау

3.7.1. Бакалавриат бағдарламасының академиялық күнтізбесіне сәйкес көктемгі семестрге ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерді қосымша іріктеу процесін Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3.7.2. Конкурстық іріктеу және құжаттарды қабылдау жүргізілетін қабылдау мерзімдерін жыл сайын Студенттерді оқуға қабылдау департаменті

Университет Мектептерінің келісімімен өтінім беру кезеңіне дейін бекітеді және Университеттің сайтына алдын ала орналастырады.

3.7.3. Талапкерлер ақылы негізде бакалавриат бағдарламасының конкурсына қатыса алады және конкурсқа қатысу үшін осы Қағидалар мен рәсімдердің 1, 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Осылайша, NUET талапкерлері академиялық жылдың ортасында өтініш берген күнтізбелік жылдағы NUET нәтижелерімен ғана қатыса алады. NUET бойынша минималды талаптар 1-қосымшада көрсетілген.

3.7.4. Ақылы негізде оқуға өтінім беру процесі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

3.7.5. НУУАДБ студенттерін қоспағанда, бакалавриат бағдарламасының көктемгі семестріне қабылдау үшін іріктеу процесі 3.5-тарауда көрсетілгендей реттелуі тиіс.

3.7.6. Көктемгі семестрде ақылы негізде бакалавриат бағдарламасының көктемгі семестріне түсетін және оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер қабылдау кезінде қаржылық қолдау, «Назарбаев Университеті» білім беру грантын және басқа да гранттарды/стипендияларды тағайындау бойынша іріктеуге қатыспайды.

3.7.7. Талапкерлерді ақылы негізде көктемгі семестрге оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен ресімделеді.

4-бөлім. Босату

4.1. Провост Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес осы Қағидалар мен рәсімдердің белгілі бір ережелерінен ерекшелік жасауға құқылы.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер қабылдау кезеңі бекітілгеннен және аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қаралуы және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды

дайындау қағидалары және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне
1-қосымша

Назарбаев Университетінің НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

1. IELTS және TOEFL* ең төменгі қабылдау талаптары (НУУАДБ студенттерінен басқа)

Ағылшын тілі нәтижелері**	НУУАДБ	Бакалавриат бағдарламасы
IELTS нәтижелері***	Жалпы балл 6.0-ден кем емес (жазу - 5.0, тыңдалым - 5.0, оқылым - 5.0, сөйлеу - 5.0)	Жалпы балл 6.5-тен кем емес (жазу - 6.0, тыңдалым - 6.0, оқылым - 6.0, сөйлеу - 6.0)
TOEFL нәтижелері*** *	TOEFL iBT - 60 (оқылым – 6-дан кем емес, тыңдалым – 5-тен кем емес, сөйлеу – 15-тен кем емес, жазу – 16-дан кем емес).	TOEFL iBT - 79 (оқылым – 13-тен кем емес, тыңдалым – 12-ден кем емес, сөйлеу – 18-ден кем емес, жазу – 21-ден кем емес).

* Конкурстық іріктеуде тек жарамды және Тестілеу орталығында тікелей қатысу арқылы тапсырылған тест сертификаттары ғана қарастырылады;

** Олимпиада жүлдегерлеріне ең төменгі талаптар жоқ;

*** IELTS Online немесе IELTS Indicator нәтижелері Университетте конкурста және іріктеу процесінде қабылданбайды;

**** TOEFL iBT Home Edition нәтижелері Университетте конкурста және іріктеу процесінде қабылданбайды.

2. NUET талапкерлеріне ең төменгі қабылдау талаптары

NUET	Жалпы ең төменгі балл	Әр пән бойынша ең төменгі балл
Математика	120	50
Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары		50

3. SAT/ACT* талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

Digital SAT және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Digital SAT - 1240
немесе
ACT - жалпы балл 26-дан кем емес

**Конкурста SAT және ACT superscoring-сіз қарастырылады.*

4. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларының жеңімпаздары болып табылатын талапкерлерне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары**

Олимпиада	Медаль
Республикалық	Ағымдағы академиялық жыл бойынша алтын және күміс медальдары (I, II орындар)
Халықаралық	Соңғы 3 жыл бойынша алтын, күміс және қола медальдары (I, II, III орындар)

**Халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары бір мезгілде олимпиаданың екі түрі бойынша конкурсқа қатыса алады.*

5. A-level/NIS Grade 12 Certificate иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

A-level/NIS Grade 12 Certificate ең төменгі қабылдау талаптары
Кез келген пән бойынша ABB- дан кем емес

6. IB дипломының иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

IB дипломының ең төменгі қабылдау талаптары
Жалпы балл 30-дан кем емес және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5

1-қосымшаның 7 кестесі Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде өзгертілді.

7. Бакалавриат бағдарламасына түсетін НУУАДБ студенттеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

	Аббревиатура	Курстың атауы	Баға
	FMAT 041*	Foundation Mathematics 2	60
және	FEAP 020*	Foundation English for Academic Purposes 2	70
және	FLDP 095	Leadership 2	60

** Mathematics (FMAT 041), EAP (FEAP 020), және Leadership (FLDP 095) пәндері бойынша бағалар бірінші семестрдің FMAT 010, FEAP 010 және FLDP 090 бағаларын қамтиды және бұл сәйкесінше әр пән бойынша қорытынды баға болып есептеледі.*

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

1-қосымшаны 8 кестемен Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде толықтырылды.

8. Бакалавриат бағдарламасына НУУАДБ студенттері үшін ең төменгі расталған қабылдау талаптары

	Аббревиатура	Курс атауы	Баға
	FMAT 041	Foundation Mathematics 2	70
және	FEAP 020	Foundation English for Academic Purposes 2	70
және	FLDP 095	Leadership 2	70

** Mathematics (FMAT 041), EAP (FEAP 020), және Leadership (FLDP 095) пәндері бойынша бағалар бірінші семестрдің FMAT 010, FEAP 010 және FLDP 090 бірінші семестр бағаларын қамтиды және бұл сәйкесінше әр пән бойынша қорытынды баға болып есептеледі.*

Бакалавриат бағдарламасына ақылы негізде оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары (академиялық жыл ортасында оқуға қабылдау)

1. IELTS және TOEFL* ең төменгі қабылдау талаптары

Ағылшын тілі нәтижелері**	Бакалавриат бағдарламасы
IELTS нәтижелері***	Жалпы балл 6.5-тен кем емес (жазу - 6.0, тыңдалым- 6.0, оқылым - 6.0, сөйлеу - 6.0)
TOEFL нәтижелері****	TOEFL iBT - 79 (оқылым – 13-тен кем емес, тыңдалым – 12-ден кем емес, сөйлеу – 18-ден кем емес, жазу – 21-ден кем емес).

** Конкурстық іріктеуде тек жарамды және Тестілеу орталығында тікелей қатысу арқылы тапсырылған тест сертификаттары ғана қарастырылады;*

*** Олимпиада жүлдегерлеріне ең төменгі талаптар жоқ;*

**** IELTS Online немесе IELTS Indicator нәтижелері Университетте конкурста және іріктеу процесінде қабылданбайды;*

***** TOEFL iBT Home Edition нәтижелері Университетте конкурста және іріктеу процесінде қабылданбайды.*

2. NUET талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

NUET	Жалпы ең төменгі балл	Әр пән бойынша ең төменгі балл
Математика	130	60
Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары		60

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

3. SAT/ACT* талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

<p>Digital SAT және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары</p>
<p>Digital SAT - 1240</p> <p>немесе</p> <p>ACT - жалпы балл 26-дан кем емес</p>

*Конкурста SAT және ACT superscoring-сіз қарастырылады.

4. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын талапкерлерге қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары**

Олимпиада	Медаль
Республикалық	Ағымдағы академиялық жыл бойынша алтын және күміс медальдары (I, II орындар)
Халықаралық	Соңғы 3 жыл бойынша алтын, күміс және қола медальдары (I, II, III орындар)

*Халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары бір мезгілде олимпиаданың екі түрі бойынша конкурсқа қатыса алады.

5. A-level/NIS Grade 12 Certificate иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

<p>A-level/NIS Grade 12 Certificate ең төменгі қабылдау талаптары</p>
<p>Кез келген пән бойынша ABB-дан кем емес</p>

6. IB дипломы иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

<p>IB дипломының ең төменгі қабылдау талаптары</p>
<p>Жалпы балл 30-дан кем емес және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5</p>

«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Университет алдындағы
дайындық бағдарламасы және
бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдеріне
2-қосымша

Халықаралық пәндік олимпиадалардың тізбесі

1. Математикадан халықаралық олимпиада (IMO)
2. Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO)
3. Химиядан халықаралық олимпиада (IChO)
4. Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO)
5. Информатикадан халықаралық олимпиада (IOI)
6. Мамандандырылған мектептердің оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы
7. Оқушылардың химиядан халықаралық Менделеев олимпиадасы

Қазақстан Республикасының республикалық пәндік олимпиадаларының тізбесі

1. Математикадан республикалық олимпиада
2. Физикадан республикалық олимпиада
3. Химиядан республикалық олимпиада
4. Биологиядан республикалық олимпиада
5. Информатикадан республикалық олимпиада

«Назарбаев Университеті»
 дербес білім беру ұйымының
 Университет алдындағы
 дайындық бағдарламасы және
 бакалавриат бағдарламасы
 бойынша оқуға қабылдау
 қағидалары мен рәсімдеріне
 3-қосымша

Конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беру кезеңінде талапкерлерге арналған құжаттар тізбесі

1. өтінім беру нысаны;
2. шетелдік талапкерлер паспорттың сканерленген көшірмесін, Қазақстан Республикасының азаматтары жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесін ұсыну қажет;
3. Жеке кабинеттегі үлгіге сәйкес оқу орнынан анықтама (тек өтініш берген сәтте бітіруші сынып/курс оқушылары болып табылатын талапкерлер үшін ғана);
4. жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың немесе қосымшасы бар колледж құжатының сканерленген көшірмесі немесе оның халықаралық баламасы (тек түлектер үшін), кейіннен қағаз нұсқасында құжатты белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну;
5. NIS Grade 12 Certificate-ның иегерлеріне: NIS Grade 12 Certificate-тың сканерленген көшірмесі, кейіннен қағаз нұсқасында құжатты белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну;
6. IB дипломының иегерлеріне: IB дипломының қосымшасы бар сканерленген көшірмесі, кейіннен қағаз нұсқасында құжатты белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну;
7. A-level дипломының иегерлеріне: A-level дипломының сканерленген көшірмесі, кейіннен қағаз нұсқасында құжатты белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну;
8. осы Қағидалар мен рәсімдердің 2-қосымшасында көрсетілген халықаралық/республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары үшін: халықаралық және/немесе республикалық олимпиада дипломының/сертификатының сканерленген көшірмесі;
9. ағылшын тіліндегі уәждеме хаттың сканерленген көшірмесі;
10. SAT/ACT талапкерлеріне: жарамды ACT сертификатының немесе тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген digital SAT балдарының тексерілген нәтижелері. Егер талапкер бірнеше жарамды SAT/ACT нәтижелерін ұсынса, конкурста ең жоғары нәтижелері бар сертификат superscoring-сіз қарастырылады;
3 қосымшаның 11 тармағы Провосттың 2024 жылғы 14 мамырдағы №63-н/қ шешімі негізінде өзгертілді.
11. Тест әкімшісінің жүйесінде расталған жарамды IELTS немесе TOEFL iBT сертификатының балл нәтижелері және сертификаттың сканерленген

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

көшірмесі немесе тест әкімшісінің Жеке кабинетінен жүктелген нәтижелер туралы есеп.

«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Университет алдындағы
дайындық бағдарламасы және
бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдеріне
4-қосымша

Талапкерлердің оқуға қабылдауға ұсынатын құжаттар тізбесі

1. Қосымшамен бірге жалпы орта, техникалық және кәсіби білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың немесе оның халықаралық баламасының түпнұсқасы;
2. NIS Grade 12 Certificate-ның иегерлеріне: NIS Grade 12 Certificate-тың түпнұсқасы;
3. A-level дипломының иегерлеріне: A-level дипломының түпнұсқасы;
4. IB дипломының иегерлеріне: IB дипломының қосымшасы бар түпнұсқасы.